

**"Петропавл қаласы халқының мақсатты топтарға жататын тұлғаларының қосымша тізбесін белгілеу туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 444 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 01 шілдедегі N 741 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 шілдеде N 13-1-156 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 17 наурыздағы N 308 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010.03.17 N 308 Қаулысымен**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-1 Заңының 28-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 5-4) тармақшасына, 2) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды есепке ала отырып, жұмыспен қамту саясатын іске асыру және жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз ету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Петропавл қаласы халқының мақсатты топтарға жататын тұлғаларының қосымша тізбесін белгілеу туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 444 қаулысына (2009 жылғы 24 сәуірдегі нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімде тіркелген № 13-1-152, «Қызылжар нұры» газетінің 2009 жылғы 1 мамырдағы № 18 саны, «Проспект СК» газетінің 2009 жылғы 1 мамырдағы № 18 санында жарияланған), мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

- «4) еңбекақысы сақталусыз демалыстағы тұлғалар;
- 5) толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған тұлғалар;
- 6) өндіріс тоқтап тұрғандықтан жұмыспен уақытша қамтылмаған тұлғалар;
- 7) уақытша және маусымдық жұмыстарға қатысқан тұлғалар;
- 8) өз тілегі бойынша жұмыстан шыққан тұлғалар;

9) орта және жоғары оқу орындарында оқитын жастар (демалыс кезінде);

10) 25-ті қоса жасқа дейінгі жастар».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің  
о р ы н б а с а р ы н а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*П е т р о п а в л*

*қаласының әкімі*

*Е. Нұрақиев*